


сұйықтықтар суспензияларының ағысы Ньютон заңына бағынбайды. Ньютондық емес бұрғылау ерітінділері екіге бөлінеді: жалғаниілгішті және тұтқыриілгішті [42].

Жалғаниілгішті сұйықтардың реологиялық қозғалысы Оствальд-де ваале заңымен сипатталып келесідей болады:

мұндағы, k – косоистенция көрсеткіші, Па·с;


n – ньютондық емес қозғалыс көрсеткіші ($1 > n$)

Жалғаниілгішті сұйықтар реограммасы 8-ші суретте көрсетілген, мұндай сұйықтардың $\tau/\dot{\gamma}$ (тұтқырлық) қатынасы жылдамдық артқан сайын азаяды.



Сурет 8 – Жалғаниілгішті сұйықтар реограммасы

Құрамының көп бөлігі қатты фазалы сазды жуу сұйықтықтары Бингам иілгішті ағу теориясы бойынша ағады. Бұған сәйкес, бингамдық сұйықтық ағу үшін оған күш жұмсау қажет; күш үлкен болған жағдайда ол ньютондық сұйықтық секілді ағады. Сондықтан бингамдық сұйықтықтардың косоистенциясының графигі екі параметрмен сипатталуы қажет – шектік диамикалық ығысу кернеуі және иілгіш тұтқырлық [43], ол 9-шы суретте көрсетілген:



Сурет 9 – Тұтқыриілгішті сұйықтықтар реограммасы